

Ұстаздар күні

Ұстаздар күніне орай 6 қазан айында «Ұстаз - ұлы есім» атты іс-шара өтті. Жаңадан ғана колледж табалдырығын аттаған студенттіміз жан-жақты дайындалып, өте жоғары деңгейде концерт ұйымдастырды. Колледж іші безендіріліп, мұғалімдер кабинеті шарға толтырылды.



Мұғалімдерді студенттер қошеметтеу арқылы, ерекше жылы ықыласпен қарсы алды. Жүргізушіліктің тізгінін Шанжархан Еркінбек алып, әзіл-қалжыңымен мұғалімдерді бір күлдіріп алды.



Мұғалімдер күні ұстаздарымыз үшін тосын сыйлар мен күтпеген жаңалықтарға толы болды. Солардың бірі ұстаздарымыздың бітіріп кеткен түлектері мен балалары алыстан сәлем жолдап, оқытушыларымыз біраз көздеріне жас алды. Іс-шарамыз бишілеріміздің көңілді биімен, жігіттер тобының «Ұстазым» әнімен жалғасын тапты.





Іс-шара барысында КВН мүшелері үздік әзілдерін ортаға салып, мұғалімдер қауымын біраз күлкіге қарық қылды.



Концерт барысында студенттеріміз пианинода ойнап, енді бірі мұғалімдерге арнап поэзия оқып, жүректерін бір шымырлатты.



Мерекелік жиыныздың соңы ұстаздарға арналған хор әнімен аяқталып, мұғалімдерге гүл шоқтары таратылды, оқытушыларымыз керемет көңіл күймен қайтты. Ұстаздар қауымының риза болғаны сонша, ұйымдастырушыларға алғыстарын жаудырып жатты.

